

ҚҰРЫЛЫС ҰЙЫМДАРЫНДАҒЫ ЕҢБЕК АҚЫ ЕСЕБІ

Әмір Айдана, Есеп және Аудит

Жоспары:

- Құрылыс ұйымында қызметкерлерге берілетін сыйақылар есебінің ұйымдастырылуы.

Еңбек ақы жүйесі жұмысшылардың материалдық қызығушылығын қамтамасыз етуде еңбектің сапалық және сандық нәтижелерін жақсартуға бағытталған, яғни жоспарлы тапсырманы орындау, өнім /жұмыс, қызмет/ бірлігін өндіру шығындарын төмендету, технологиялық үдерістерді жетілдіру, еңбекке жауапкершілік пен жасампаздықпен қарау. Құрылыс ұйымдарындағы қызметкерлерге берілетін сыйақы есебін ұйымдастыру біріншіден ұйым қызметкерлерінің құрамы мен кадрлық әлеуетін бағалаудан, зерттеуден басталады.


Төмендегі кесте көрсеткіштерінің талдауна қарасақ қызметкерлер санының кемуін байқаймыз. Қызметкерлер санының құрылымында басым бөлікті жұмысшылардың салыстырмалы үлесі алады, яғни 2014 жылы 61,92% құрап отыр. Соңғы жылдары жұмысшылар саны үлес салмағының төмендеу тенденциясы мен басшылар үлесінің артуы байқалып отыр. Бейөнеркәсіптік қызметкерлер санының салыстырмалы үлесі едәуір қысқарған.

Аталуы	2012	2013	2014	Ауытқу 2014 – 2012жж
Өнеркәсіп қызметкерлері	759	778	695	-64
Оның ішінде жұмысшылар	483	520	439	-44
Басшылар	143	145	145	2
Мамандар	128	111	10	-19
Қызметшілер	5	2	2	-3
Бейөнеркәсіптік қызметкерлер	19	21	14	-5
Жалпы саны	778	799	709	-69

Кадрлардың тұрақтамауы жұмыс күші қозғалысының қажетті арнасы болып табылады. Егер де ол шектен тыс болса /10 – 25% және одан жоғары жылына/, онда проблемаға айналып соғады. 2014 жылдың 1 қаңтардағы жағдайға байланысты кадрлардың тұрақтамау коэффициенті 10,5% құрады, ол ұйым кадрлары құрамындағы тұрақсыздық жағдайын көрсетеді.

2012-2014 жылдар аралығындағы жұмысқа қабылдау мен босату көрсеткіштерін талдау нәтижесінде, жұмысшылардың жұмыстан босатылуының негізгі себебі – өз қалауы бойынша – 72,25%, келесі себеп ол жұмысқа келмеу болып табылады.

Атауы	2010	2011	2012	Ауытқу 2014 – 2012жж
Өнеркәсіп қызметкерлері	97,56	97,37	98,03	0,47
Оның ішінде жұмысшылар	62,08	65,08	61,92	-0,16
Басшылар	18,38	18,15	20,45	2,07
Мамандар	16,45	13,89	15,37	-1,08
Қызметшілер	0,64	0,25	0,28	-0,36
Бейөнеркәсіптік қызметкерлер	2,44	2,63	1,97	-0,47
Жалпы саны	100	100	100	0



Еңбекақы жүйесін құру Еңбек кодексінің талаптарына, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес, қызметкерлерге сыйақы төлеудің жалпы құрамы мен құрылымын реттейтін негізгі нормативті құжаттарға сәйкес анықталады.

Мерзімді еңбекақы нысанының қарапайым мерзімдік және мерзімдік-сыйақылық жүйесі бар.

Қарапайым мерзімдік




Еңбекақы жүйесі бойынша еңбек төлемін сағаттық, күндік, айлық тарифтік төлем мөлшері немесе айлықақы бойынша есептейді.

Мерзімдік-сыйақылық



Сыйлықақылық жүйе бойынша белгілі бір сандық немесе сапалық көрсеткіштерге қол жеткізгендері үшін қосымша төленеді.

Кесімді еңбекақы нысаны бойынша еңбекақы белгіленген кесімді бағаларға сәйкес орындалған жұмыстың саны мен сапасына байланысты болады.



1. Тікелей кесімді еңбекақы жүйесі еңбекақыны жұмысшылардың тиісті біліктілік деңгейін есепке ала отырып, нақты бекітілген бағалар бойынша орындалған жұмыстың саны мен сапасына қарай есептеледі.

2. Құрылыстағы жұмысшылардың кесімді сыйақылық еңбекақы жүйесі тапсырмаларды уақытында және уақытынан бұрын орындағаны үшін сыйақылауды білдіреді.

3. Еңбек төлемінің бұл жүйесінде кесімді жұмысшыларға жұмыстың кешені үшін немесе жалпы көлемі үшін алдын ала бекітілген мөлшерлеме бойынша есептейді.

Құрылыстағы жұмысшылардың негізгі еңбекақысы – құрылыс, монтаж және басқа да құрылысқа қатысқан жұмысшылардың еңбекақысы есептеледі. Әрбір жұмысшының жалақысы орындалған жұмыстың санына, сапасына және күрделілігіне байланыста болады.

Нақты бір ұйымдағы еңбекақының тарифтік шарттарын әзірлеу өзара байланысты бурнеше кезеңдерден тұрады:

- 1. Жоспарланып отырған кезеңге құрылыс ұйымында орташа еңбекақы көлемін анықтау.**
- 2. Мамандық бойынша тарифтік коэффициентті қалыптастыру.**
- 3. Біліктілік санаты – разряд бойынша тарифтік коэффициент кестесін әзірлеу.**
- 4. Еңбекақы төлеудің базалық тарифтік мөлшерлемесін санау.**

Еңбекақы бойынша есеп айырысудың есебі:

Құрылыс ұйымдарында еңбекақы бойынша есеп айырысудың есебі пассивтік 3350 «Еңбекақы төлеу бойынша қысқа мерзімді берешек» шотында жүргізіледі. Шоттың кредитінде жұмысшыларға есептелген еңбекақы, сыйақылар, демалым ақылар, еңбекке жарамсыз парағы бойынша төлемдер және басқа да үстеме ақылар көрсетіледі.

3350 «Еңбекақы төлеу бойынша қысқа мерзімді берешек» шоты кредиті мына шоттардың дебетімен корреспонденцияланады:

- 1310 «Қорлар» бөлімінің шоттары – материалдарды жеткізу бойынша жұмысшыларға және қойма шаруашылығы жұмысшыларына есептелген еңбекақы;
- 8110 «Өндірістік жұмысшылардың еңбекақысы», 8200 «Көмекші өндіріс жұмысшыларының еңбекақысы», 1620 «Алдағы кезеңдердің шығыстары» - көлік жүргізушілеріне, шеберхана жұмысшыларына, құрылыс машиналары мен механизмдерін басқарушылары мен оған қызмет көрсетушілеріне, құрылыс учаскесі жұмысшыларына есептелген еңбекақы;

- 7210 «Әкімшілік шығыстар» - басқару аппараты қызметкерлеріне есептелген еңбекақы;
- 3430 «Қызметкерлерге сыйақы бойынша қысқа мерзімді бағалау міндеттемелері» - есепті айға тиісті кезекті демалыс уақыты үшін және көп жылғы еңбегі үшін есептелген төлемдер мен сыйақылар.

